

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Шектелушілік – шеттелушілік

Бүгінгі Қазақстан әлемдік қауымдастықта өз орны, өз жолы бар мемлекет ретінде дамып келе жатқаны баршаға аян. Адамзат тарихындағы аса ірі оқиға саналатын КСРО-ның құлауы, кеңестен кейінгі кеңістіктегі буырқаныстар мен дағдарыстар жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның бағын сынап, намысын қайрады. Елбасының салиқалы саясаты арқасында еліміз қилы өткелдерден, сынақты жылдардан сындарлы қалпымен өтті. Кеңестік күрделі мұраны парасат таразысына салып, үзілген елдік арқауды уақыт оздырмай қайта жалғастырдық. Аталы сөздің қадірі артты, мемлекетшіл жөнжобаның бәсі биік болды.

Бағзы заманның тағылымды бір әңгімесі бар. «Бақ, қайда барасың?» – деп сұрапты. «Ынтымаққа барамын!» – деп жауап қатыпты. Бізге Жаратқан берген бақ – елдегі ынтымақ дер едім. Иә, бұрын еліміз бен жерімізде ынтымақ болмады деуге аузымыз бармайды. Бірақ тарихи Тәуелсіздігімізден кейінгі Қазақстанның бір балама аты Ынтымақ болды деп сеніммен айта аламыз. Бірлігі жарасқан ел атануымызда Президенттің орасан қайраткерлік еңбегі бар.

Бақ қонып, қыдыр дарыған Қазақстан ешқашан тоқмейілсінген ел емес. «Еңбек – бәрін жеңбек» – біздің елдік ұстанымымыз. Ішкі және сыртқы саясаттағы байыптылық пен тұрақтылық, біліктілік пен ізгілік – құқықтық-демократиялық, зайырлы республикамыздың атқан таңдай анық қағидатына айналды. Елбасымыз халық алдында перзенттік қарыз бен парызды орындаудың үлгісін көрсетті. Бұл – данышпан Абай айтқан ақыл, қайрат, жүректі тең ұстаудың және «асыл адам айнымастың» жолы.

Халқымызда әдемі бір сөз бар: «Барған жеріңнің биігіне шық, үлкеніне жолық» деген. Жаңа Қазақстанның биігі – Астана, рәміздік асқары – Бәйтерек. Ал тарихи Қазақ

елінің елдік биігі – Ұлытау. Сондықтан, Мемлекет басшысының Ұлытау төрінде айтылған сөзі – қай жағынан алсаңыз да тарихпен сабақтасқан, елдік парасатпен астасқан сөз.

Халық, соның ішінде білім саласы қызметкерлері аса жылы қабылдаған сұхбатты жай осы жанрдың жүгін арқалаған риясыз әңгіме деу аз, бұл – жаһандану үдерісі мен ұлт тағдыры, соғыс пен бейбітшілік әлемді толғандырған шақта заманның қауіп-қатерін бағамдаған салиқалы ой, салмақты пікір. Қазір дүниежүзі тойымсыздық пен құлқынның құрбаны болған адамзаттың, жер бетінің, өңірдің, мемлекеттің, халықтың, ұлттың, жеке адамның құрдымға кетіп бара жатқан тағ дырына алаңдап отыр. Бүгінде тууы мен қалыптасып даму үдерісіне философия және саясаттану ғылымдары айқын баға бере алмайтын «жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты» дейтіндей құбылыстар пайда болды.

Әрине, барша адамзат қазіргі күрделі құбылыстардың аңдысын аңдыса, Қазақстан да бұдан бейтарап қалуы мүмкін емес. Біле-білсек, әр жылдары елімізде биікте жауапты деңгейде өткен және алдағы уақытта да өтетін саммиттер, форумдар, симпозиумдар, съездер – әлемдік қауіпқатерлердің себебін байыптап, салдарын азайту жолындағы Қазақстанның үні, жолы, ұстанымы, парасаты деуге толық негіз бар.

Елбасымыздың тарихи сұхбаты білім саласы мамандары мен студент жастарға аса қажетті үш бағдарды айқындап берді деп санаймыз.

Бірінші бағдар – Отан тарихын біліп, Тәуелсіздіктің қадірін түсініп, отаншыл болу бағдары.

Екінші бағдар – тарихи даму үдерістері мен бүгінгі геосаяси құбылыстар тұрғысынан Қазақстанның жаңашыл мемлекет ретінде миссиясын бағамдай алатын білікті-білімді болу бағдары.

Үшінші бағдар – әлемдік саясат, әлемдік экономика, әлемдік руханият мұхитына жұтылып кетпей, бар салада Қазақстан мемлекетін танытатын, туған елінің азаматы екенін көрсете алатын тәуекелшіл болу бағдары.

Біз сұхбаттың өн бойынан осы бағдар лардың жөн-жобасын ұғынып, жас буынды азаматтық-рухани жетілдірудің жаңа міндеттерін байыптаймыз.

Мемлекет басшысы тәуелсіздіктің елең-алаңынан бері жұмыс кестесінің тығыздығына қарамай Отанымыздың барлық негізгі тарихи орындарында болып, сол жерлерге байланысты парасатты ой, тұжырымдамалы пікір білдіргенін жақсы білеміз. Оған 1993 жылы Ордабасыдан бастап күні кешегі Ұлытауға дейінгі әруақ қонып, нар шөккен қасиетті жерлерде айтқан сөздері куә.

Біздің есімізге 1991 жылы 10 желтоқсанда тұңғышрет Президенттік қызметке кірісетін сәтте сөйлеген Н.Ә.Назарбаевтың мына сөзі түседі: «Мен Қазақстан территориясында жоғары дамыған полиэтностық өркениет құра алатынымызға сенемін, онда қазақ ұлты қайта түлейтін болады, оған енетін барлық ұлттар мен ұлыс өкілдері өздерін еркін сезінетін болады». Осы нар тәуекел сөздің орын далғанына бәріміз куәміз.

Осы нар тәуекел сөз еліміздің және Елбасымыздың тағдырына, бақ-берекесіне айналғанына да баршамыз кепілдік береміз.

Қазақ елінде бұрын-соңды бол маған байыпты Президенттік және биік перзенттік еңбектің құлақкүйі – халыққа адалдықтан, тарихқа адалдықтан басталуы тегін емес. Мұның арғы жағында Отанды шексіз сүю деген терең сезім жатыр.

Ұлытау сұхбатында Нұрсұлтан Әбішұлы: «Отан деген – үлкен ұғым. Отанды қорғау дегенде, әрине, адам баласы алдымен өзінің шаңырағын ойлайды. Әкеңді, шешенді, бауырларыңды, балаларыңды, немерелеріңді ойлайсың. Сол жүрекпен, сол тілекпен Отаныңды қорғайсың. Сондықтан, тарихыңды білген жөн болады. Тарихын білмеген ұлттың болашағы да бұлыңғыр» деп, елді пір тұтудың – елдікке қызмет, халықты ойлаудың – халықты қорғау екенін жіті түсіндіргені санамызды серпілтеді.

Жалпы, тарихқа байланысты жүйелі әң гі менің ұсақ-түйегі болмайды. Біз әрқашан көз жеткізіп келе жат қан ақиқат: Елбасымыз тарихи әді леттілікті қалпына келтіруде және әлемдік үйлесімділіктегі Қазақ стан тарихының лайықты орнын айқындауда кез келген

мәселені алыстан болжайды. Бұл сөзімізді Астана феномені, «Мәдени мұра» бағдарламасы, елордадағы мәдени-рухани орталықтар, Қазақстанның елдік рәмізді орындарын қайта жаңғыртуы, т.б. растайды.

1996 жылы 23 мамырда Еуразия ұлттық университетінің орнын Ақмоладан сайлауы және оған көрнекті түрколог-ғалым Л.Н.Гумилевтің атын беруі – жоғарыдағы тұжырымның ақиқаттылығын еселендіре түседі. Былайша айтқанда, Қазақстанның – Еуразия жүрегіндегі мемлекет екенін айқындау, қазақсынды түркі халықтарының кемі мыңжылдық арғы тарихын түбірлей зерттеген ғалымның аты мен затын маңдайға басу – арман ғана емес, мұратқа бастар тұжырым, қағидат екені нақтыланды. Шүкір, бәрі сәтімен орындалып, әлем таныған Еуразия мемлекеті де болдық, мыңжылдық тарихымыз да парықталды. Қазір Елбасы негізін қалаған университет және оның отаншыл түлектері оң-солын танып, еліміз бен әлемнің абыройына бөленіп отыр.

Тарих пен отаншылдық – егіз ұғым. Мемлекет басшысының «Тарих толқынында» атты іргелі еңбегі отаншылдық сезімге суарылған.

Отаншылдықтың құрамдас бөлігі – тіл, мәдениет, дін болса, Ұлытау сұхбаты бұл жайды да айналып өтпеді. Мысалы, «Біз еліміз үшін, жұртымыз үшін тарихымызды, мәдениетімізді, санамызды, ғұрпымызды өзіміздің тіліміз арқылы ғана жеткізе аламыз», делінген Елбасы тезисінің астарында қаншама ой, қаншама зерде жатыр. Басқа-басқа, бір кезде ел мен тіл тұтастығына сына қағу үшін қолдан жасалған «диалект» туралы да Елбасы ашық көзқарасын білдірді. «Қазақтың кең даласында диалект сөз жоқ», деп оның себебін айтты. Әлемдік тәжі рибедегі көп тіл білу мен практика лық мәні жоғары тілдерді меңгеру мәселесін де жік-жігімен түсіндірді.

Президентіміз дәстүрлі дінімізді ұлт дүниетанымы мен мәдениетінің ажырағысыз бөлігі екенін жиі айтады. Сонымен бірге, дін мен зайырлылық үйлесуін тұрақты байыптайды. Сұхбаттағы: «Дінді шынайы имандылыққа жақындатып, оның жақсы жағын алуымыз керек. Құранның қасиетті үкімдерін орындау үшін кемтарларға көмектесу, бір-бірімізге жанымыз ашу, бауырмал болу, үлкенді сыйлау, баланы тәрбиелеп өсіру, Отанды, елді қорғау, бірлікке шақыру арқылы дінді өркендеткен жөн. Сонда діннің мемлекетке зор пайдасы, үлкен қамқорлығы болады. Ол елдің басын біріктіреді» деген ойын оқығанымызда, Елбасының Рамазан айында өз атынан берген ауызашарда айтқан сөздері санамызда жаңғырды. Расында, дәл бүгін имандылықтың өлшемі, Елбасымыз айтқандай, азаматтың қоғамға, мемлекетке қарым-қатынасымен бағалануы тиіс. Сонда ғана елде береке-бірлік болады.

Ұлытау сұхбатындағы байыпты ойдың біразы Қазақстанның қарышты әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өрбіген. Биылғы тамыз айында еліміздің күретамыры сынды теміржол саласында бұрын тек арман ғана болған тың екі бағыт пайдалануға берілді. Соның бірі тұйықтағы Жезқазған өңірін серпілту бағыты еді. Ұлытаудың Әулиебұлағындағы келелі әңгімеге дейін Елбасы сол жолдың тұсауын кесті. «Теміржол төрт облыстың бірнеше ауданына тіршілік нәрін береді. Теміржолдың бойынан жұмыс табылады. Жұмыс болғаннан кейін кенттер бой көтереді. Халық қонданады, даламызды ел жайлайды», деді Нұрсұлтан Әбішұлы. Әрине, осының бәрі елдің әл-ауқаты мен білік-білім дәрежесін өсіру қамы.

Бұрын да, дәл қазір де – саясат еріккеннің ермегі емес. Биыл Еуразиялық экономикалық одақ шартына қол қоярда қайсыбіреулер құр байбалам салды. Шектелушіліктің мәні – шеттелушілік. Түйеқұстың басын жасырғаны өзін жасырғаны емес екенін түсінсек керек.

Прагматизмі зор Елбасымыз бұл жолы да: «Жақын көршілермен экономикалық қарым-қатынас жасау маңдайымызға жазылған нәрсе. Мұны ешкім шекесі қызғаннан жасамайды. Мүмкіндігіміз осындай, басқа амалымыз жоқ. Сондықтан, экономикалық одақ құрдық. Саяси емес, экономикалық одақ. Бұл – дұрыс. Мен бұған зерттеп-біліп, шын көңілмен барып отырмын», деді.

Экономикалық даму – әлемдік дамуға ілесудің, содан нәр алып, оған нәр берудің алғышарты. Өкінішке қарай, қоғамымыздың санаулы бір бөлігі көзін байлап, айналаға қарамай өмір сүруді әдетке айналдырған. Осыдан жиырма жыл бұрын да сондай даңғыра қағылатын, қазір де соның даңғыр-дұңғыры естіліп қалады. Әлбетте, есті басшы ессіз сөзді елең етпейді. Бірақ барша адам ондай емес қой. Сондықтан да, Нұрсұлтан Әбішұлы әлдеқашан айқындаған Қазақстанның экономикалық дамуының бір траекториясын пысықтап өтеді: «Біздің «теңізіміз» – Ресей территориясы. Біздің «теңізіміз» – Қытай территориясы. Осы екі мемлекетті теңіз деп санасақ, біз солардың жағасында тұрмыз. Енді біз осылармен сауда-саттық жасамасақ, онда экономикамыз қалай өседі?».

Адамның жаны да, танымы да қызық. Ұлт та, ел де осы секілді. Рухани құндылықтарымызда жиі айтылып жазылатындай, біз өзімізге өзгенің көзімен қарап дағдылануымыз керек. Соңғы жылдары Қазақстан ЖООларына, соның ішінде Еуразия ұлттық университетіне шетелдік көрнекті ғалымдар келіп, тұрақты дәріс оқып тұрады. Оның ішінде Нобель сыйлығының лауреаттары да бар. Бұл жобаға мемлекет арнайы қаржы бөледі. Осы шақырылған ғалымдар: «Қазақстанның тұрақтылығы – оның болашақ дамуының кепілі. Президент Н.Ә.Назарбаев – ел экономикасы мен әлем экономикасының тамыр соғысын қатар байыптап отырған саясаткер. Сауатты экономика және салиқалы саясат – Қазақстан таңдаған дұрыс бағыт», дейді.

Сүбелі сұхбаттағы Елбасымыздың: «Болашақ біздің қолымызда. Болашақ бізге бетін бұрып тұр... Асығыстық жасамау керек. Сабырлы болған жөн», деген сөздері біздің жүрегімізге сенім ұялатады.

2000 жылы 20 қазанда Түркістан қаласының 1500 жылдығы салтанатында Елбасы: «Қазақ елі үшін бақтың бірден-бір кепілі, дерттің бірден-бір емі – сыртқы ықпалдастық пен ішкі ынтымақты бірдей дамыта білу», деген болатын. Бұл сөздің экономикаға да, руханиятқа да тікелей қатысы бар деп білеміз. Сонымен бірге, ол тегеурінді тәуекелді талап етеді. Ел болашағының темірқазығы – сенім мен тәуекелшілдікті тең ұстаған «Қазақстан-2050» Стратегиясы.

Ұлытаудың әулиелі жерінде отырып бағзыдан бүгінге дейінгі қазақтың тарихи мекендері мен оқиғаларын сана мен парасат сүзгісінен өткізген Елбасымыз осының бәрін жас ұрпақ үшін айтты. «Менің арманым, ойым – Қазақстанның мәңгілік болуы», – деді Нұрсұлтан Әбішұлы. – «Заман өтеді, уақыт алға жылжиды. Ұрпақтар бірінің жолын бірі жалғайды. Бірақ ата-бабамыздың жері осылай керемет болып қала береді. Осындай әулиелі жерден қуат алған халқымыз ата-бабалар жолымен жүреді деп санаймын. Ол жол – сара жол, Мәңгілік Елдің жолы!».

Әр құбылыстың өз сәті бар. Ұлытау бағдары сәтімен айқындалған, орайымен нұсқалған бағдар дер едік. Бұл бағдар бізді біріктіріп, ынтымаққа және табысқа бастайды.

Ерлан СЫДЫҚОВ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры.